

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы селолық округтері атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 15 тамызындағы N 227 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 26 желтоқсандағы N 407 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 6 ақпанда N 2155 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 21 мамырдағы N 134 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл аудандық әкімдігінің 21.05.2013 N 134 қаулысымен

«Нормативтік-құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы селолық округтері атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің регламенттерін бекіту туралы» Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің 2012 жылдың 15 тамызындағы № 227 қаулысына (2012 жылдың 31 тамызындағы № 13 -7-180 нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген , 2012 жылдың 21 қыркүйегіндегі № 42 «Ауыл арайы», 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 42 «Сельская Новь» аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

«Жануарға ветеринариялық паспорт беру» мемлекеттік қызмет регламентінің 3-тармағы 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«1) «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылдың 10 шілдесіндегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 20) тармақшасы, 10-1-бабы 12) тармақшасы және 35-бабы 2-тармағы;».

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы селолық округтерінің әкімдеріне жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

В. Балахонцев

